Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

„Мәңгілік бала бейне" әңгімесіндегі көтерілген басты мәселелер және оны шешу жолдары.

„Мәңгілік бала бейне" әңгімесіндегі басты мақсаттардың бірі халыққа жарылыстан кейінгі балалардың қалай зардап шеккенін және оның нәтижесі неге әкеп соққанын көрсету болды. Әңгімеде көтерілген басты мәселелер зардап шеккен халыққа үкіметтің көмек көрсетпеуі мен бала күту жауапкершілігінің болмауы. Қазіргі таңда да бұл мәселелер өте өзекті болып есептеледі. Әңгімеде үкіметтің үлкен қателігінің кесірінен кішкентай қыздың жүру қабілетінен айырылып қалғандығы мен оның күтіміне, тәрбиесіне жауапты туған тәтесінен қатыгездік көруі бейнеленеді.

Қазіргі заманда да Семей полигонында өткізілген 400 ден астам жерасты жарылыстарынан зардап шеккендер айтарлықтай өте көп. Сондай-ақ, шығармада көрсетілген балаға деген жауапкершіліктің болмау мәселесі еліміздегі өзекті мәселелердің басты рөлін алады. Тарихқа жүгіне кетсек, Семейде өткізілген жарылыстар халықтың келісімі бойынша өткізілген жоқ. Ал, үкімет немесе басқа да бір елдің үкіметі өз халқына, табиғатына зиян келтіретін немесе өзгерістер енгізетін істерді сол жердің халқының келісімінсіз өткізуіне мүлде хақысы жоқ. Себебі, басшылық пен оған бағынатын халық бірдей үйлесімде болуы тиіс. Қуанышқа орай, еліміз 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Семей полигонын жауып тастады.

Бұл жарылыстан зардап шеккендерге үкіметтен заң жүзінде арнайы қаражат бөлінуі тиіс. Себебі, кінәсі жоқ халықтың зардап шегуіне тікелей басшылық кінәлі. Бұл жарылыстан тек адамдар ғана зардап шеккен жоқ, сондай-ақ, табиғат ана да үлкен зардап шекті. Қаншама адам дұрыс өмір сүруге деген қабілетінен айырылып қалды. Миллиондаған адамды аяғынан тұрғызу үшін еліміздегі медицинаны қарқынды дамытуымыз керек. Арнайы көмек қорларын ашып, халықты бірлікке шақыруымыз керек.

Жүйімде көрсетілген балаға деген қатыгездік мәселесі еліміздің ішінде үндеусіз қалуда. Бұл жас ұрпақтың зардап шегуіне жол соқтырады. Себебі, ата-ананың балаға деген жауапкершілігінің болмауы, баланың физикалық немесе моральді жағдайына кері әсер етуі мүмкін. Бұл мәселені шешу жолында бірнеше жауаптар енгізуге болады.

Біріншіден, баланың өсуіне жауапкершілікті алмас бұрын арнайы тексеріліс өтілуі тиіс. Яғни, баланы асырап алушының психологиялық жағдайын тексеру қажет.

Екіншіден, баланы асырап алушының материялдық жағдайы бар болуын немесе жоқ болуын біліп алу керек. Себебі, бала 18 жасқа дейін ата-ананың қолында өседі. Яғни, ата-ана баланың материялды жағдайына жауапты болады.

Қорытындылап айтсақ, „Мәңгілік бала бейне" жүйесінде көрсетілген мәселелер



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

маңызды рөл атады. Ол мәселелерді шешуде балалардың тағдырымен тікелей байланысты. Осы мәселелерді шешу арқылы жарқын болашаққа деген жолдардың бірін аша аламыз. Себебі, тура осындай тағдырға тап болғандар аз емес. Сондықтан да бұл мәселелер назарсыз қалмауы тиіс.

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ